

Перинатология кафедрасы им.А.А. Козбагарова

Тема: **Адамның репродуктивті денсаулық пен құқықтары.**

Орындаушы: ассистент Алимбаева С.С.

Репродуктивті денсаулық – бұл жүкті болу, туу және дені сау баланы дүниеге әкелу. Оны сақтау әйелдердің де, ерлердің де міндеті. Әрбір жүктілік қалауы керек, ал болашақ баланың ата-анасы сау болуы керек.

Репродуктивті денсаулық – бұл тек аурулардың жоқтығы ғана емес, сондай-ақ, ұрпақ жаңғырту мен отбасы үндестігін қоса алғанда, репродуктивті жүйеге қатысты физикалық, психикалық және әлеуметтік толық саулықтың да болуы жайындағы барлық мәселелер

ДДҰ анықтамасы

«Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы»
Қазақстан Республикасының Заңы
Осы Заң азаматтардың репродуктивті денсаулығын қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы мемлекеттік кепілдіктерді және мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын белгілейді.

Каир конференциясы

Репродуктивті құқықтарға ұлттық заңдарда, адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарда және жалпы қабылданған басқа да құжаттарда бұрыннан танылған адамның ажырамас құқықтары мен бостандықтары жатады. Алғаш рет репродуктивті құқықтар туралы жан-жақты мәлімдеме 1994 жылы Каирде өткен Халық пен даму жөніндегі халықаралық конференцияда (ICPD) жасалды. Каир конференциясының іс-қимыл бағдарламасы репродуктивтік құқықтарды негізгі адам құқықтарының бөлігі ретінде анықтайды. Репродуктивті құқықтар көптеген елдердің заңдарында, соның ішінде танылады



Рисунок 1. Показатели репродуктивного здоровья



Репродуктивті жүйенің көрсеткіштері

Өсу;

Салмағы;

Дене пішіндерін дөңгелектеу;

Сүт бездерінің өзгеруі;

Екінші шаш өсуі;

Менструальдық циклдің қалыптасуы.

Жыныстық жетілу түрлері

Мерзімінен бұрын - 8-10 жасқа дейін, етеккір басталады, сүт безі қалыптасады, қайталама шаш өседі.

Жыныстық жетілудің кешігуі - 14 жаста екіншілік жыныстық белгілер жоқ, ал 16 жаста етеккір жоқ

Жыныстық тәрбиенің принциптері

Отбасында:

Біртіндеп;

Өз пікіріңізді таңусыз;

Таза мінез-құлыққа баса назар аудара отырып;

Гигиеналық нормалар мен ережелер туралы

әңгімелесу;

етеккір функциясы туралы ақпарат;

Контрацептивтер туралы ақпарат.

Жыныстық жетілу кезіндегі ұрпақты болу жүйесіне әсер ететін факторлар

Тұқым қуалаушылық

Ішкі секреция бездерінің жұмысының бұзылуы
стресс

диеталар

Салмақ ауытқулары

гипотермия

климаттық өзгеріс

Ерте жыныстық қатынас

Жүктілікті тоқтату

Отбасын жоспарлаудың артықшылықтары

Әйелдердің денсаулығы үшін жүктілікке
байланысты қауіптің алдын алу

Бала өлімінің төмендеуі

АИТВ/ЖИТС-тің алдын алуға жәрдемдесу

Адамдардың мүмкіндіктерін кеңейту және
олардың білімін арттыру

Жасөспірім қыздар арасындағы жүкті болу санын
азайту

Халық өсімінің баяулауы

Отбасын жоспарлау

Отбасын жоспарлау адамдарға қажетті бала санына ие болуға және олардың туу арасындағы аралықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұған контрацепция әдістерін қолдану және бедеулікті емдеу арқылы қол жеткізіледі (бұл ақпарат парағы контрацепция туралы).

Репродуктивті денсаулыққа әсер ететін факторлар:

- Жасөспірімдердің жыныстық тәрбиесі**
- Дұрыс тамақтану**
- Жүктілік, босану мен босанудан кейінгі кезеңдерде сапалы және уақытылы медициналық қызмет көрсету**
- Жыныс мүшелері ауруларының алдын алу мен емдеу**
- Отбасын жоспарлаудың қазіргі заманғы әдістерін кеңінен қолдану**
- Жаңа туылған және жасы кіші балалардың денсаулығына қамқор болу**
- Отбасын жоспарлау бойынша білім, кеңес беру және қызмет көрсету**
- Қажетсіз жүктіліктің алдын алу**
- ЖЖБЖ, АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу және емдеу**

Жасөспірімдердің жыныстық тәрбиесі:

Жыныстық қабілеттің жетілу жылдары жасөспірім психикасы үшін өте ауыр кезең. Жыныс күтімі бала тәрбиесінің бір бөлігі болғандықтан, жыныстық қабілет жетіліп келе жатқан кезде жасөспіріммен айрықша әңгіме өткізу қажет. Мұндай әңгімені баланың көңіл-күйі жақсы кезде бастап, ата-анасына өнегелі түрде сөйлесу керек. Балаңызбен сырласу үшін оның да бір ыңғайлы жолын таба білгеніңіз жөн.

Репродуктивті құқық - азаматтардың репродуктивті денсаулығын сақтаудағы құқықтары, некеде немесе некесіз бала тууға немесе бала туудан бас тартуға шешім қабылдауы, туылу орны, уақыты, туу арасындағы аралықты таңдауға, медико-әлеуметтік, ақпараттық, кеңестік көмек алуға құқықты.

Азаматтардың репродуктивтік құқығының мемлекеттік кепілдемелері

- репродуктивті жүйені таңдау еркіндігіне
- репродуктивті денсаулығын қорғауға және репродуктивті құқығын сақтауға
- қолжетімділікке, кепілді, ақысыз медициналық көмек алуға
- репродуктивті құқығына басқа азаматтардың араласпауына
- бала тууға, ешкімнің жәбірлемеуіне, кемсітпеуін
- жеке өміріне ешкімнің араласпауына, жеке және отбасылық құпияны, дәрігер азаматқа қатысты мәліметті ешкімге жария етпеуіне кепілдік береді

Азаматтардың репродуктивті құқығын қамтамасыз ету, ұйымдастыру негіздері

Азаматтардың репродуктивті құқықтарын мемлекет басқара отырып, облыстық репродуктивті жүйеде негізгі принциптарын ұсына отырып азаматтарға кепілдеме береді.

- Азаматтардың репродуктивті құқықтары облыс көлемінде реттеледі
- Азаматтардың репродуктивті денсаулығын қорғау жүйесін дамыту
- Азаматтардың репродуктивті денсаулығы облысында ҚР заңнамасын және құрылымын жетілдіру
- Азаматтардың репродуктивті денсаулығын қорғау негізінде ғылыми зерттеулер жүргізу

Азаматтардың репродуктивті денсаулығын қорғау құқықтары мен міндеттері

- Репродуктивті жүйені таңдауға
- Өзінің репродуктивті денсаулығы туралы тиянақты, толық мәлімет алуға
- Контрацепция әдісін еркін таңдауға
- Жүктілікті үзуге
- Тұқсыздықтың шипасын, соның ішінде ҚР қазіргі қосалқы технологиялырмен және репродуктивті тәсілдермен емделуге құқылы